

Мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынасының тиімді болуы мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне де байланысты. Мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасына әсер ететін екі бөлікті байқауға болады:

- біріншіден, бұл жалпы қарым-қатынас принциптері – ол қоғам дамуы барысында қалыптасқан қағидалар, яғни ғасырлар бойы мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі оқыту мен тәрбие мақсаттарын жүзеге асыратын құндылықтар;

- екіншіден, бұл қарым-қатынастың жекелеген принциптері - мұғалімнің өзіндік қарым-қатынас стилі - өзі қолданатын өзінің қабілеттері мен іскерліктері, білімі негізінде оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайлары мен мүмкіндіктерін жүзеге асыратын нақты тәсілдері мен құралдарының жиынтығы.

Мұғалімнің іс-әрекеті барысында аталған бөліктерінің біреуінің болмауы мұғалімнің кәсібилігі мен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Мұғалімнің *кәсіби қарым-қатынас мәдениеті* - педагогикалық іс-әрекетте нақты міндеттерді жүзеге асырудағы мұғалімнің әлеуметтік маңызды қабілеттерінің, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасқа түсе алуы, оларды қабылдауы, түсінуі және өз ойларын, сезімдерін, ұмтылыстарын бере алу іскерліктерінің көрсеткіші.

Қарым-қатынас мәдениеті педагогикалық іс-әрекет барысында нақты бір міндеттерді жүзеге асыру барысында қалыптасады. Мұғалім қарым-қатынас барысында шығармашылық тұрғыда қолданатын тәсілдер мен құралдар түрлерінің көп болуы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін анықтайды. Осылайша, *қарым-қатынас мәдениеті* – бұл өзара қарым-қатынас барысында оқыту мен тәрбиенің қойылған мақсаттарына жете алу іскерліктері.

Әр нәрседен хабары мол әдепті мұғалім оқушылардың жүрегіне жол таба біледі. Жол

таба білудің нәзік жолдары: ерік-жігер, ұстамдылық, ілтипаттылық, дәйектілік, талап қоя білушілік, зейінділік, қалжыңдай білушілік, орынды мысқыл, ептілік, әзіл-оспаққа үйірсектік, көзқарас және дауыс ырғағының мол болуы.

Әдепті мұғалімнің мінез-құлқы түгелдей (дауысы, жүріс-тұрысы, қалпы) табиғи болады. Оқушылармен әдепті қарым-қатынаста болу әдетіне, мінезінің ажырамас бір бөлігіне айналады. Бойына осындай әдет-дағдылар сіңген ұстаз ғана шәкірттерінің жүрегіне жол табады.

Болашақ мұғалімдерімізді педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау барысында педагогика идеялары негізінде педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байкова Л.А. и др. Педагогическое мастерство и педагогическая этика. – М., 2001.
- 2 Бондаревская Е.В. Воспитание как возрождение человека культуры и нравственности. – Ростов-на-Дону, 1991.
- 3 Грехнев В.С. Культура педагогического общения. – М., 1990.

Резюме

В данной статье рассмотрена проблема формирования педагогической культуры взаимоотношений будущих учителей.

Conclusion

This article considers the problem of the formation of pedagogical culture of the relationship of future teachers.

БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОТБАСЫНДА АДАМГЕРШІЛІККЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Шалғымбекова Ә.Б.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтар. Әр халықтың өзіндік ерекшелігіне қарай отбасы тәрбиесінде де ерекшеліктер болады.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады.

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы бала тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болады.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырады. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашақта мамандық таңдауға дайындауды түсінді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағына қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақ отбасы баланың қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді.

Сондай-ақ, қазақ отбасында адам зиялылығының негізгі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді.

Тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбиеге де қазақ отбасында ерекше мән берілді.

Қазақ халқы бала тәрбиелеуде экономикалық тәрбие деген ұғымды пайдаланбағанымен, тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асқан. Мысалы, "Еңбегі қаттының ембегі тәтті", "Еңбек – өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі", "Еңбек түбі – береке", "Үнемшілдік – сараңдық емес", "Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның", "Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды" деген мақалдары дәлел бола алады. Бұл қазақтардың экономикалық тәрбиенің негіздері еңбек тәрбиесінде екенін жақсы түсінгенін байқатады. Қазақ отбасында экономикалық тәрбие арқылы айырбас, бөлісу және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту жүзеге асты.

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігу, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуелшілдікке үндеп, сараңдыққа салынып кетуден жирендіріп отырған.

Қазақ халқының күнделікті кәсібінде, тұрмыс-тіршілігінде төрт-түлік мал бағу, аң аулап кәсіп етуді ұйымдастыруында да экономикалық тәрбиенің нышандары айқын аңғарылады. Мәселен, "Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір" деп қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығымен одан да пайдасы көп екендігін: "Ақылды қыз бен тазша" т.с.с. ертегілер мен халық арасында кең тараған Қожанасыр туралы әзіл әңгімелерден де экономикалық құбылыстар мен оларды шешудің тиімді жолдарын аңғарамыз.

"Жеті Жарғы" заңының бір бабы "құн төлеуге" арнаулы және "судың да сұрауы бар" деген ата-бабаларымызды кім экономикадан хабарсыз болды дер екен.

Сол кезеңдегі қазақ теңгелерінің дүниеге келуі оның тек қана сауда айналымы үшін ғана емес, өзінің экономикасын жүргізу жолдарын ерте меңгергендігін де дәлелдейді.

Қазақ халқы экономиканың жаны – табыс табу мәнін балаға түсіндіре отырып, оның таза жолмен келгені дұрыс екендігін де ескертіп отырған. Табысқа қабілеттілер, еңбекқорлар ғана жететінін, табыс табу, пайда табудан да үлкен өнер екенін жақсы түсінген. Мәселен, "Артық олжа - басқа еңбек", "Оңай олжа

– тұрмас қолға", "Шығысы шықпай, кірісі кірмейді", – дейді халық.

Қорыта келгенде, қазақ отбасында экономикалық тәрбие берудің мәні баланы жасынан еңбекті бағалауға, уақытты ұтымды пайдалануға, үнемшілдікке, сарандыққа салынбауға, ұқыптылыққа, ақша, қаражатқа дұрыс көзқарас қалыптастыру, олардың қалай келетінін немесе табысты да таза еңбекпен жасауға үйрету, тәрбиелеу болған деуге толық негіз бар.

Ал, ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген ізгі мейірбан қарым-қатынасын мақтанышпен айтуға тұрады. Себебі олар көшпенді өмір сүргендіктен әркез өздерін табиғаттың бір бөлігіміз деп есептеген. Жер-Анаға деген құрмет пен ізет олардың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан.

Сондықтан, экологиялық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқында тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру әрекеттері қазақ отбасында бала аяғы шығып, апыл-ғұпыл жүре бастаған кезден-ақ қолға алынған. Мысалы, баланың тұсауын көк шөппен кесудің терең тәрбиелік мәнімен бірге тірі табиғатқа деген көзқарасын білдірген. Қазақ отбасындағы тәрбие құралдарының бірі болып есептелінетін тыйым сөздердің мазмұны ата-бабамыздың экологиялық тәрбиеге зор мән бергеннің дәлелі болып табылады. Мәселен, "суға дәрет сындырма", "көк шөпті жұлма", "отқа түкірме" және т.с.с.

Қазақ халқының адамның сұлулық сезімдерінің тұлға өмірінде зор рөл атқаратынын жете түсінген. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады және сұлулықты танытудың негізгі құралдары әдебиет және өнер деп білген. Қазақ отбасындағы сұлулық тәрбиесінің мақсаты баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қатынас, үй-жағдай және киім-кешек мәдениетін, сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасуын қалыптастыру және талғампаздықты тәрбиелеуді көздеді.

Қазақ отбасы тәрбиесінің құралдары дегенде халық ауыз әдебиетін, ұлттық ойындар, айтыс және шешендік сөздерді, ойын-сауықтарды, т.б. айтамыз.

Қазақ отбасында жоғарыда аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудағы ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдері бар.

Олар: балаларға қайырымды, ізгі қатынас жасау, сыйлау, адамгершілік сезімдеріне әсер ету, жанама ықпал жасау, қулықтық қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту, реніш, наразылық білдіру, тыю, айыптау, бұйыру, еркелете кінәсін мойындату, түсіндіру, мысалдар келтіру, үлгі-өнеге, ғибрат айтуды есептейміз.

«Айналадағы дүниенің ең жақсы дегені менің отбасыммен байланысты» – деп, еске алып, жазған еді. Берлин университетінің негізін салушы Вильгельм Гумбольдт.

Бұл сөйлемге барша адам қол қояды. Сонда да көптеген адамдардың ойлары отбасының қоғамдағы орны, өскелең ұрпаққа тәрбиелі маңызы болмақ. Өткен күндердің ойшылдары отбасының маңызын күмәнмен қараған еді, оның дәстүрі, адамгершілік мейіріманы, т.б. Жақсы адам болып өсу үшін олардың ойларынша, ондай отбасында өсу керегі жоқ, өзіне қандай адам беделді, сол арқылы адамгершілігін өседі-мыс. Біздің мемлекетте отбасының маңыздылығы бойынша отбасы ғана адамгершілік негізін салады, ал мектептің міндеті тек білім беру болмақ.

К. Ушинский, Л.Н. Толстой нағыз тәрбиелі адам тек сол ортада бола алады, қайда ұрпақ дәстүрлері және қазіргі мен болашақ арасында үзілместей байланыс болса деп терең сенімді болған еді.

Мұндай мүмкіндігін тек қана отбасы бере алады. Өзінің еңбектерінде Л.Н. Толстой адамды өзара адамгершілік пен зұлымдық жағдайында тәрбиелі етуге мүмкін емес және әрбір еркіндік басылып жаншылса, рұхы берік баланы өсіру қиын деген еді.

Бізге баланың отбасында адамгершілікке баулу дегенді қалай түсінуіміз қажет?

Адамгершілік тәрбиелеу туралы айтқанда, өмір және қоғам «адамгершілік» деген ұғымға қандай мағына беретінін түсіну қажет.

Ожеговтың сөздігінде адамгершілік – бұл «қоғамдағы адамға керек ережелер, анықтаушы іс-әрекеттер рұхани және ішкі жан қасиеттері және іс-әрекетте оларды орындау» деп жазылған.

В.А. Сухомлинский анықтамаларын бойынша моральдық тәрбиелеудің міндеті тәрбиелеушіге нормаға және іс-әрекет ережелеріне айналу керек.

Адамгершілік тәрбиелеудің негізгі мән-мағынасы В.А. Сухомлинский бойынша жеке қасиеттер негізінде мыналар: идеялық, гума-

низм, азаматтылық, жинақылық, еңбеккерлік, өз-өзін ұстай алушылық болмақ.

Жазушы және педагогы С.А. Соловейчик жазады: «Тәрбиелеу – бұл адамгершілік өмірге оқыту немесе адами әрекеттерге баулу. Балаларды тәрбиелегенде, өздерінің мақсаттарына жету үшін тек адами әрекеттерді қолдану керек. Адамгершілік ізгіліктер, бағыт-бағдарлар және нанымдар отбасында сақтаулы. Отбасы – бұл тәрбиелеуде негізгі, ұзақ уақытты және маңызды рөл алған коллектив сынды ұяшық».

Белгілі педагог және психологы И.С. Кон белгілегендей: «Баланың көзінде ата-аналар түрлі рөлдерде ойнайды, көрінеді: эмоциялық жылу және қолдау көзі ретінде, онсыз бала өзін қорғансыз, көмексіз сезінеді, басқарушы орган ретінде, ізгілерді таратуда, жазалаулар, мадақтауларда, үлгі ретінде, ұқсау үшін шексіз ақыл иегі ретінде және барлық жақсы қасиеттер иесі ретінде, үлкен досындай, ақылшы, оған бәрінде сеніп тапсыруға болады».

Сөйтіп біздің көз алдымызда осындай иерархия құрылды: отбасы-бала – адамгершілік іс-әрекет – отбасы. Бұның бәрі – адамгершілік анықтамасы.

Адамның моралдық сезінуі немесе жеке тұлғаның адамгершілік әлемі өзіне үш деңгейді құрады:

1. Мотивті- іс-әрекетті.
2. Сезімдік-эмоционалды.
3. Рационалды немесе ақылдылық.

Мотивті – іс-әрекетті деңгей іс-әрекеттер мотиві, адами қажеттіліктерді және сенім-нанымдардан тұрады.

Сезімдік-эмоционалды деңгей адамгершілік сезімдер және эмоциялардан тұрады.

Сезіне білушілік – бұл адамдардың ең тамаша қасиеттері, өйткені ол – адамилық көрінісі, ал адами сезім үлкендерде, кішіге де қойылған нысанаға жетуге көмектеседі. Кішкентайлар үшін бұл білімқұмарлық, қуаныш, әлемде тануға талпыну.

Үлкендер үшін бұл сезім шабыт көзі, қоршаған ортаға және адамға қызығушылық, жұмыста қуаныш және ептілік, адамдармен қарым-қатынаста.

Кейде ата-аналар балаларына бірақ рет қараса болды, олар бірден жуастанып, тілалғыш және байсалды бола қалатының рақаттанып айтып жатады. Бірақ көбінесе осының барлығы үлкен мәселеге айналып кетеді. Алдын ала ойластырылмаған қатаң тәртіп бала-

ларды өтірік айтуға, алдауға және олардан алыстап кетуге алып келеді.

Рационалды немесе ақыл-ой деңгейі парызды, қадір-қасиеті, ар-намысты, адалдық пен арамдықты, бақытты және өмір мәнінің түсінігінің моральды білімін құрайды. Моральды білім түсінігінен басқа да принциптер, идеалдар, мінез-құлық нормалары, моралді бағалар да жатады.

Балаларды тәрбиелеуде олардың адамгершілік әлемдерінің барлық элементтерін қолдана білу керек. Адамның адамгершілік әлемінің гормониясы болып, жақсылық тек барлық қосымшаның бірін ғана құрайды, бірақ адамгершілік қажеттіліктің бағыттаушысы болып саналады. Адамгершіліктік қажеттіліктер адамға туғанынан берілмейді, оны тәрбиелеу барысында қалыптастыру қажет, себебі оңсыз жоғары руханилық және жақсылық болуы мүмкін емес.

Сухомлинскийдің айтуынша: «Нағыз адам – мінез-құлықты ынталандыра алатын, құштарлығын және жақсы қылықтарды тудыратын, жан дүниесінде игілік тілектері қалыптасқан адам болып табылады».

Қажеттілік денегіміз не? *Қажеттілік* – бұл бір қалыпты өмір сүру үшін ағзаға жетіспей жатқан заттарды толықтыруға талпыныс. Балалар да адамгершіліктік қажеттіліктер пайда болу үшін моральды орта қажет. Мұндай ортаға жақсы отбасы немесе оны қоршаған ортасы жақсы болуы керек.

Бала сөйлей алмаса да, сөздерді жете түсіне білмесе де, ересектердің қылықтарын түсінеді, отбасы ортасының моральды климатын байқайды және оған өзінше әсерін тигізеді. Бір-біріне деген қарым-қатынастары жақсы, бір қалыпты, мейрімді сөйлеу, қарым-қатынас жасауда дауысының сабырлығы – балада адамгершіліктік қажеттілікті қалыптастыру үшін жақсы және негізгі астары болып табылады. Ал айқай-шу, дауыс – ырғағының тұрпайлығы қарама-қарсы нәтижеге алып келеді.

Адамгершілік қажеттіліктердің барлық элементі эмоция және сезімдерге максималды толыққан болып келеді.

Адамгершіліктік қажеттіліктер келесі элементтерден тұрады:

Эмпатия – адамның жан дүниесін қиын жағдайда немесе басқа бір адамның хал-жағдайын түсіне білу қабілеті болып табылады.

Қайырымды адамды көбінесе ақ пейілді, кішіпейілді деп атайды. *Қайырымдылық* –

бұл бірнеше сезімдердің тұрады: жанашырлық, қайғысына ортақтық, аяушылық жатады. Кейде ата-аналар балаларды қайырымдылыққа үйрету қиынға соғады деп айтып жатады. Бұнымен келісуге болмайды. Қарапайым мысал. Балаға кәмпит беріп, ол оны алып шешесіне, әкесіне, әжесіне дәм татуға ұсынады, бірақ ересектер бас тартып, балаға оны саған өсу керек өзің же деп айтады. Осындай эксперименті бірнеше рет өткізгеннен кейін, бала алдағы уақытта біреулерге бір нәрсені ұсынбайтынына сенімді бола аламыз. Сонымен бала осылайша жақсылық, қайырымдылық және т.б. жайлы сабақ алды.

Ең алдымен баланы онда әлі жақсылық, жамандық, борыш және басқа да түсініктер жайлы қалыптаспас бұрын қайырымдылыққа тәрбиелеу керек.

Адамгершіліктік құндылық – бұл құндылықтар ұстанымдарының жиынтығы болашақта алдын ала ойластырылмаған жағдайлардан баланың мінез-құлқында адамгершіліктік ережелерді қалыптастырады. Құндылықтар ұстанымы – әке-шешесінің үйіндегі тиымдар мен рұқсаттардың мүмкін және мүмкін емес ережелер балада ерте жас шағында есте қалады және ол өзінің отбасын құрғанға дейін сақталады.

Оны балада әлі сөйлей бастамаған кезден бастап санасында қалыптастыра бастау керек. Осы ұстанымның арқасында бала әрдайым жақсылыққа ұмтылып, өз бойындағы тума эгоизмды немесе эгоцентризмді жеңе біледі.

Жалпы адамгершілік ұстанымды адамдарға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін айтуға болады. Сана-сезімнің дамуына сай ол өзінің халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілігі арта түседі.

Балада адамгершілік ұстанымын үнемі сөзбен және іс-әрекеттер арқылы, мысалдар және түсініктер арқылы, тірі табиғат әлемі және өмірдің сиқыр күшін қолдану арқылы, ата-аналардың өздері үлгі болатындай тәрбиелеу керек.

Ең негізгі адамгершілік қажеттіліктердің бірі балалардың және ересектердің жақсылықты сөзбен емес, іс-әрекет жүзінде көрсете білу қабілеті болып табылады.

Ересектердің өмір сүру барысы балаларды сөздік ақылмен тәрбиелеу болса, онда ол балаларды жақсылыққа тәрбиелеуіне зиян келтіреді. Бұл балалардың көңілін қалдырып, сенімсіздікке, мазақылыққа алып келеді.

Тағы бір отбасындағы адамгершіліктік қажеттіліктер ар (ар-намыс) түсінігінің қалыптасуы болып табылады. Ар-намыс түсінігі сөздіктерде былай түсіндіріледі: «Ар-намыс – бұл адамның қағамның моральды бағалау негізінде өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылай алу қабілеті. Ежелгі заманнан бастап ар-намыс түсінігі адамдардың ішкі мазмұнын және т.б. жалпы мәліметтер жайлы білуді білдіреді».

Балада ар-намысты ұят сезімінен бастап тәрбиелеп қалыптастыру керек.

Келесі кезең ар-намысты моральды борыш және жауапкершілік түсінігімен қатар дамытып қалыптастыру керек.

Қандай да бір міндеттемені орындамаған кезіндегі кінә сезімі – адамның моральды борыш, жауапкершілік, ар-намыс сапаларын біріктіреді.

Баланың «ар-намыс» түсінігінің мәнін жетік түсінуі отбасында адамгершіліктік тәрбиелеудің барлық мазмұнында қарастырылады. Ең маңызды рольды адамгершіліктік қажеттіліктер атқарады, себебі сен біреуге жамандық, зиян келтіргенінді мойындаған жағдайда және сол адамға деген қатынасын әділетсіз болғанда ар-ұяттан қиналғаны көрінеді.

Бірінші ата-аналардың міндеті-өздерінің балаларында ар-намыс түсінігінің рухани әлемінің ажырамас бөлігі ретінде, терең, сенімді тәрбиелеу. Ата-аналардың адамгершіліктік қажеттіліктерді білуі адамдарды мейірімді және бақытты қоғамға игілік алып келетін баланы тәрбиелеуге көмектеседі.

Адамның адамгершіліктік қажеттіліктері адамгершіліктік сезімдермен тығыз байланысты, сонымен қатар адамдардың мінез-құлқысының түрткісі болып табылады. Олар біреудің қайғысына ортақтастық, қайырымдылық, аяушылық, риясыз.

Дамымаған адамгершіліктік қажеттіліктерін тәрбиелеу ата-аналардың ең бірінші міндеті. Бұл міндет толығымен жүзеге асатын. Оның ойдағыдай орындалуына не керек?

Біріншіден – ата-аналар балаларды адамгершілікке тәрбиелеу қажет екендігіне жете түсіну керек.

Екіншіден – ата-аналар адамгершілік қажеттіліктерді өз бойында дамыту керек.

Үшіншіден – егерде ата-аналар өздерінің балаларын үстіртін емес, жетік түсінісіп тәрбиелегісі келсе, өз балаларының тәрбиелеуін талдай өз-өзін талдаудан, жеке тұлғалық ерекшеліктерін талдаудан бастау керек.

Төртіншіден – олар өздері үшін осы міндеттің маңызды екендігін сезінуі қажет, сонымен қатар олар балаларда адамгершіліктік қажеттіліктерді қалай және қандай әдістермен қалыптастыру керектігін анық көрсету керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Волков Г.Н. Этнопедагогика: Учеб. для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 1999. – 169 с.

2 Жарықпаев, Қалиев С. Қазақ-тәлім тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

3 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

4 Измайлов А.Э. Народная педагогика. – М.: Педагогика, 1991 – 256 с.

5 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 353-357 бб.

6 Сухомлинский В.А. Родительская педагогика: Избр. пед. сочинения. – Т.3. – М., 1981.

7 Ережепова А. Жас жеткіншектерді адамгершілік көзқараста тәрбиелеу // Жанұя мен мектептегі тәрбие. – 2008. – № 6.

Резюме

В данной статье раскрываются основы нравственного воспитания в семье, дается определение понятия «нравственность» в психолого-педагогическом наследии классиков.

Conclusion

The article deals nits basis of moral upbringing in family. It also gives a definition of the notion “morality” in psychological and pedagogical heritage of classics.